


# ЖЫЛДАМ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ

7-12  
ЖАС



Көзбен оқу

Мәтінде 90% түсінікпен

**МАЗМҰНДАП** айту

Ойлауды дамыту

Минутына **150 сөзден** көп оқитын  
балаларға арналған **ПРОГРАММА**

## **ЖЫЛДАМ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ ОНЛАЙН-ТРЕНИНГ ҒАЛАМАТ ОНЛАЙН З БӨЛІМ**

Тілек айтқанда «Оқуың жемісті болсын» дейді.

Баланың өмірде тез және сәтті қадам басуына дәл осындай жемісті оқу білімі керек. Баланың оқу жылдамдығын ең аз де-генде 2-3 есе арттырып қана қоймай, оқығанын түсініп, талдау жасап, ауқымды ақпараттармен жұмыс жасай алуына біздің мұғалімдердің дайындаған жүйелі сабактары және ТМД елдерінде нәтижелі қолданылып жүрген ұтқыр жаттығулар көмек береді.

Біздің оқыту тәсіліміз – кешенді оқыту жүйесі, 20 дан астам қарапайым және мазмұнды жаттығуларды бала бар ынтасымен қызыға орындайтын болады. Дайындалған жүйелі сабактар жылдам оқу дағдысын алу үшін қызықты, көнілді өтеді.

Берілген кітап алты кезеңнің үшінші бөлімі болып саналады. Кітапта берілген жаттығулар мен тапсырмаларды орындай отырып баланың тіл байлығы молаяды. Оқыған мәтіндерді менгеріп, оқу жылдамдығы артады. Ораторлық шеберлікті менгереді.

Кітапта 8 сабак және әр күнге арналған үй тапсырмалары бар. Бұл кітап мұғалімнің көмегімен 7 жастан 12 жасқа дейінгі балалардың жұмыс істеуіне арналған.

## **АТА-АНАЛАР ҮШІН АЛҒЫСӨЗ**

### **Жылдам оқу дегеніміз не?**

Жылдам оқу – оқудың ерекше тәсілін қолданып, мәтінді ақпарттарды тез қабылдау қабілеті. Оқытудың арқауы – оқу дағдысын қолдана отырып, барлық жаттығуларды өз кезегімен анықтап орындау. Оқу әдісіне қолданылып отырған арнайы жаттығулар баланың мидағы есте сақтау қабілеттерін (көру арқылы, есту арқылы, сипап сезу арқылы т.б), зейін қоюды және оқу жылдамдығын арттырады.

### **Кітаппен қалай жұмыс істеу керек?**

Сіздің қолыңызда «Жылдам оқуға дайындық» оқулығы (жылдам оқу дағдысы)

7 мен 12 жас аралығындағы балаларға арнап арнайы дайындалған. Кітап автордың арнайы өзіндік оқу тәсілімен дайындалған.

Сызығышпен оқу – назарды ұстауға және оқудағы сөз санын көбейтеді;

Мәтінді арнай жақтаумен оқу – оқыған мәтінді түсінуін жақсартып, зейінді дамытады;

Есте сақтау қабілетін арттыруға арналған жаттығулар;

Сөз қорын байытуға арналған тапсырмалар;

Ойлау қабілетінің жан-жақты дамуына, әріптерді кез-келген бағытта дұрыс тани алу, мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Нәтижеге жету үшін оқыту әдісін билетін мұғаліммен бірге оқып, үй тапсырмасын үзбей, күнделікті орындарп отырған дұрыс.

# 1 сабак

## 1.1-тапсырма

Шульте кестесімен жұмыс.

12	15	3	6
1	8	16	4
2	14	9	10
11	5	13	7

13	6	11	9
7	15	3	12
2	8	4	14
16	1	10	5

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 1.2-тапсырма

«Пирамида». Көзбен тек (+) белгісіне қарап тұрып, көздің қызығымен буындарды қосып оқимыз. Қандай сөз?

ҚАҢ	+	ТАР
ШАЛ	+	БАР
КЕП	+	ТЕР
ҚАЙ	+	МАҚ
ЖАҢ	+	БЫР
ДОС	+	ТЫҚ
ДОС	+	ТЫҚ

СА	+	РЫ
АС	+	ПАН
ҚАС	+	ҚЫР
ДҮЙ	+	СЕНБІ
ЖАЙ	+	ЛАУ
ШАХ	+	МАТ

## 1.3-тапсырма

Ертегіні әр көзбен кезек оқып шық. Бұл ертегінің тақырыбы қандай? Мазмұнда.

Ерте, ерте, ерте екен,  
Ешкі жүні бөрте екен.  
Қырғауылы қызыл екен.  
Құйрық жүні ұзын екен.  
Қырғауылы қырқылдап,

Жалтыр мұзға сыртылдап,  
Алшая келіп қоныпты,  
Шаты айрылып қалыпты.

Қисая жатып қырғауыл  
Сонда мұздан сұрапты:

- Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, бауырымды жаңбырға тестірмес едім.
- Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, жерге жүткізар ма едім.
- Жер, жер, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырmas едім.
- Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
- Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, көк шұнақ қасқырға құйрығымды жұлқитпас едім.

– Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?  
– Мен күшті болсам, көк мылтыққа құйрығымды ойдырmas едім.

- Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, құмырсқаға інімді алдырmas едім.
- Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?
- Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, – деген екен құмырсқа.

## **1.4-тапсырма**

Жылдам!

**Тек алғашқы сөзді оқып, сол сөзді  
сөздер арасынан тауып қоршаңдар.**

болашақ арба жаңбыр долана болашақ парта мақта  
сағат пирамида желкен табиғат желтоқсан болашақ серік  
маймыл хабарлама болашақ ыдыс театр цирк айман  
болашақ жасыл темір мереке болашақ кеме самаурын  
сиыр болашақ балық дүкен тамыр болашақ чемпион  
найзағай болашақ жапалақ балдырған болашақ ғаламат  
радио болашақ орындық дәңгелек болашақ сандуғаш  
ферма болашақ айнала дала байтақ болашақ жолбарыс  
сілеусін моншақ болашақ болашақ арба жаңбыр долана  
болашақ парта мақта сағат пирамида желкен табиғат  
желтоқсан болашақ серік маймыл хабарлама болашақ  
ыдыс театр цирк айман болашақ жасыл темір мереке  
болашақ кеме самаурын сиыр болашақ балық дүкен  
тамыр болашақ чемпион

*Уақыты:* \_\_\_\_\_

## 1.5-тапсырма

Жылдам оқу. Бірнеше рет қайталанған сөздерді табындар.

### ТАЗАЛЫҚ

Ішкен тамақтарымызben бірге асқазан, ішектерімізге микроб түсіі де мүмкін. Олай болса, тамақ дайындағанда, оны ішкенде, тазалық сақтаудың маңызы өте зор.

Тамақ ішер алдында қол жууды ұмытпаңдар, оны әдетке айналдырындар.

Шыбын, тарақан, тышқан сияқты жәндіктер де өте қауіпті. Шыбын ұшып жүріп кез келген жерге қонағы. Шыбын қоқыс салынған, тамақтың қалдығы жиналған жәшіктер, мал қораларының маңайында жүреді. Шыбын қонған жерлерінен қанатына, бауырына лас микробтарды жүқкізады да, екінші бір жерге қонғанда, микробтарды сонда тастап, жүрген жерлерін ластап, ауру туғызады. Шыбын – зиянды жәндік. Сол сияқты тарақан, тышқандар да шаң-тозаң, лас жиналған жерлерде болады. Олар да аяқтарына жабысқан микробтарды тасымалдаушылар деп есептеледі. Сондықтан үйде шыбын, тарақан, тышқан, түрлі ұсақ жәндіктердің болмауы үшін күрес жүргізіндер. Үсті-бастарыңды таза ұстап, беті-қолдарыңды уақтылы жуып, үнемі қол орамал ұстап жүруді әдетке айналдырындар. Тамақ ішкен ыдыс-аяқтарды дереу жуып қою керек. Азық-түлік және ыдыс-аяқтар жабық ұсталуы тиіс.

«Денсаулық» журналынан.

135 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 1.6-тапсырма

Сөздер арасынан 16 құстың атын табыңдар.

Долана, домбыра, дуадақ, шағала, дауылпаз, қолшатыр, сырқа, сауысқан, цирк, үстел, қарлығаш, хабар, көрпе, жапалақ, қамшы, аққу, жолбарыс, түлкі, қаз, үйрек, тас, тау, бүркіт, қаршыға, үтік, үкі, қияр, қызынақ, қарға, арыстан, кептер, жылқы, өзен, көкек, шар, моншақ, маймыл, бірқазан, тауыс, форма, қайық, бұғы, тиін, пирамида, жалау, отырыс, келешек, айна.

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 1.7-тапсырма

Струп тест. Сөздерді оқымай тек түстерін айтып шық!


ҚАРА      ЖАСЫЛ      ҚЫЗЫЛ      КӨК      АҚ  
ҚЫЗЫЛ      КӨК      САРЫ      ҚОНҚЫР      АЛА  
ЖАСЫЛ      КҮЛГІН      АҚ      ҚАРА      КӨК  
КӨК      САРЫ      ҚЫЗЫЛ      ЖАСЫЛ      ҚАРА  
ҚЫЗЫЛ      КӨК      САРЫ      ҚОНҚЫР      АЛА  
ҚЫЗЫЛ      КӨК      САРЫ      ҚОНҚЫР      АЛА

Уақыты: \_\_\_\_\_

ҚЫЗЫЛ КӨК САРЫ ҚОҢЫР АЛА  
ЖАСЫЛ КҮЛГІН АҚ ҚАРА КӨК  
ҚАРА ЖАСЫЛ ҚЫЗЫЛ КӨК АҚ  
ЖАСЫЛ КҮЛГІН АҚ ҚАРА КӨК  
КӨК САРЫ ҚЫЗЫЛ ЖАСЫЛ ҚАРА  
ҚЫЗЫЛ КӨК САРЫ ҚОҢЫР АЛА

Уақыты: \_\_\_\_\_

**1.8-тапсырма**  
Әз көніл күйінді сал



# 2 саңақ

## 2.1-тапсырма

Шульте кестесімен жұмыс.

13	15	2	8
1	6	14	4
3	16	9	11
10	5	12	7

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 2.2-тапсырма

Сөздердің дұрысын жаз.

Жырпақа – ..... Мшаноқ – .....

Қмыңар – ..... Тибағта – .....

Дңгөекел – ..... Шырнақа – .....

Сүәклее – ..... Бұмалдаңқ – .....

Қранышда – ..... Треләке – .....

## 2.3-тапсырма

Сөздерді ортадағы сызыққа қарап тұрып оқы.

Қара	айран	бұлбұл	балмұздак
Жаға	балға	моншақ	жапырақ
Қарт	арман	қонжық	дөңгелек
Арпа	хабар	домбыра	шаңырақ
Бақа	уақыт	байлық	қуаныш
Айна	бидай	домбыра	сәукеле

## 2.4-тапсырма

Жылдам оқу. Мазмұнын айт.

### ТҮСКЕ АЛДАНҒАНДАР

Үш аңшы аңға шығыпты. Күн бойы құс аулап, кешке жалғыз үйрек атып алғыпты. Аңшылар әбден шаршап, бір өзеннің жағасына келіп түнейді. Үйректі пісіреді. Үйрек піскен соң, бір аңшы:

- Бұл үйректі үшеуіміз жеп тоймаймыз, сондықтан біреуіміз ғана жейік,- депті.
- Үйректі жауып қояйық та, үшеуіміз де жатып үйіқтайық.
- Кім жақсы тұс көрсе, үйректі сол жесін,- депті бір қу жігіт.

Тұн ортасында қу аңшы тұрып, үйректі жеп, табақты бұрынғыша жауып қояды. Таңертең аңшылар оянып, тұрған соң:

- Қандай тұс көрдіңдер? – деп сұрайды.
- Мен ақ боз атқа мініппін, басыма алтын тәж киіппін, патша болыппын, – дейді.
- Мен жұмаққа кіріппін, жұмақта қор қыздарымен бірге жүр екенмін,- депті.екінші аңшы.

Сонда қу аңшы айтЫПты:

– Екеуің де рас айтасыңдар, мен сендерді көріп жаттым. Бірің патша болған соң, енді бірің жұмаққа кіріп кеткен соң, бір үйрекке бола қайтып келмес деп, үйректі мен жеп қойдым, – депті.

141 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 2.5-тапсырма

Сөйлемдерді ортадағы сөздерге қарап тұрып оқы.

Екінші қабатқа көтерілдім.

Мен екінші қабатқа көтерілдім.

Мен екінші қабатқа баспа~~л~~дақпен көтерілдім.

Мен екінші қабатқа баспа~~л~~дақпен асықпай көтерілдім.

Мен екінші қабатқа баспа~~л~~дақпен асықпай баяу көтерілдім.

Мен екінші қабатқа көтер~~і~~лген соң, бесінші пәтерге кірдім.

## 2.6-тапсырма

Жылдам оқы. Жиі қайталанған сөздердің астын сыз.

### ҚҰСБЕГІ

Құсбегі – бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи сияқты жыртқыш құстарды аңға, адал құстарға салу үшін үйрететін бапкер адам. Ол қыран құстарды тор құрып ұстап алады немесе балапан кезінде ұядан алады. Оның аяғына балақбау мен шыжым тағып, көзіне томаға кигізеді. Одан кейін құсты ұшырып, қайыруы жеткен соң, семіртіп түлетеді. Жеңіл ұшып, жеңіл қонатын күйге келтіру үшін оны «ақ жеммен» асырап, бос керілген арқанға қонақтатып ұйқысын алып, қайта арытады.

Құсбегілердің аса жоғары бағалайтын құсы – бүркіт. Аққу мен бүркіт қасиетті, киелі құстар болып есептеледі. Бұл екеудің екі жұмыртқадан артық жұмыртқаламайды.

Құсбегілер бүркіт балапанын алу үшін неше түрлі қындықты бастан кешіреді. Олар үшін әсіресе тау бүркіті бағалырақ. Әйткені олар алғыр, өжет, қырағы болады. Қоян, борсық, түлкі, қарсақ сияқты ұсақ аңдарды оңай, тез алады. Ең алғыр, өжет, қырағы тау бүркіттері аталады. Құсбегілердің айтуынша, бүркіт ірі аңдарға түсіп, тоқтауға шамасы келмей бара жатса, бір аяғын аңға, екінші аяғын кез келген затқа не ағашқа қадайды екен.

147 сөз.

Уақыты: \_\_\_\_\_



Құсбегі деген кім? \_\_\_\_\_

Мәтіндегі құстардың астын сыйып шық.

Құсбегі қандай құсты аса бағалайды? \_\_\_\_\_

## 2.7-тапсырма

Суретті көшіріп сал.



# 3 сабак

## 3.1-тапсырма

Сөздердің арасынан еліміздің 10 қаласын тауып, астын сыв.

ПОЙЫЗ АЛМАТЫ ЖЕЛТОҚСАН АТЫРАУ ДҮЙСЕНБІ ЖАҒА ТАРАЗ МАЙМЫЛ ШАҒАЛА ШЫМКЕНТ НАН ЭЛЕКТР ҚАБАТ АТА ОРЫНДЫҚ ЕКІБАСТҰЗ ОРДА САҒАТ ҚАҢТАР ВАГОН АҚТАУ ТАБИҒАТ ҚАЛА ҚЫЗЫЛОРДА ФИГУРА БАЛЫҚ ӨСКЕМЕҢ ОРМАН ТАУ ЖЕЗҚАЗҒАН ӨЗЕН ЖАЗЫҚ НҰРСҰЛТАН КЕНТ

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 3.2-тапсырма

Сейлемдегі шатысқан сөздер.

Сөздердің орнын белгіле.

1. Тек жерден жолды өт белгіленген ғана.
2. Алма көктемде гүлдеді ағаштары бақта.
3. Келді достары күніне Айгерімнің туған.
4. Көліктер толассыз көшелерінде көп қала.
5. Дәмді Шынар пісірді тамақ біздің.
6. Мектептен Сәбит соң барады жарысқа.
7. Бұлағы кітап – білім шырағы білім – өмір.
8. Жетік әріпті біледі Жомарт.

### **3.3-тапсырма**

Бірнеше рет қайталап оқы.  
Мазмұнын айт.

## **ТҮЛКІ, ҚОЯН ЖӘНЕ ӘТЕШ**

Орманда түлкі мен қоян өмір сүріпті. Түлкінің үйшігі мұздан, ал қоянның үйшігі ағаштан болыпты.

Көктем келіп, күн жылынғанда түлкінің үйшігі, әрине, бірден еріп кетті. Жаураған түлкі қоянға келеді.

– Қоян, қоян! Мені үйіңе кіргізші, жылынып алайын!

Жылпос түлкі осылай алдап-сулап, аңқау қоянның үйшігіне кіріп алып, ақыры оны үйінен қуып шығады.

Қоян жылап келе жатып, иттерге кезігеді.

– Қоян, қоян! Не болды саған? Соншалықты қамығып кетіпсің ғой?

– Қалай жыламаймын? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды. Енді міне, баспанасыз тентіреп жүргенім...

– Жылама! Біз ол онбағанды қазір-ақ қуып шығамыз! Иттер жиналып, қоянның үйіне келеді.

– Ау, ау, ау! Әй, түлкі, шық қане! Босат, қоянның баспанасын!

– Аха! Шықсам шығайын! Бірақ, мен далаға шықсам, сендерге жақсы болмайды ғой! Барлығынды быт-шыт қыламын! – деді түлкі қорқытып.

Иттердің үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойладап, тайып түрдү.

«Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген. Қоян қаңғи-қаңғи шаршап, тағы да жылай бастайды. Алдынан аю шығады.

– Қоян-ау, не болды? Сонша неге жылайсың?

– Жыламағанда қайтемін? Тұлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

– Жылама! Мен оны қуып шығамын.

– Жо-оқ! Қуып шыға алмайсың. Иттер де қуып шыға алмады.

– Көресің, қуып шығамын. Аю үйшіктің алдына келіп:

– Тұлкі, шық! Босат, қоянның үйін! – деп ақырады. Тұлкі болса пеш үстінен:

– Шықпаймын. Шықсам саған жаман болады. Быт-шытыңды шығарамын! деп қорқытты. Аюдың үрейі ұшып кетті. Басы аманда қашып құтылуды ойлады.

Амалы құрыған қоян тағы да жылай бастады. Қараса, жанынан алтын айдарлы әтеш өтіп барады. Қолында күмістей жарқыраған шалғысы бар.

– Қоян, қоян! Неге жылап отырсың? – деп сұрады.

– Жыламай қайтемін? Тұлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

– Жылама! Мен оны қазір қуып шығамын!

– Жо-жоқ! Қуып шыға алмайсың! Иттер құды, қуа алмады. Аю құды, қуа алмады. Сен де қуа алмайсың!

– Жүр, көрерсің! Қуамын!

Екеуі үйшік жанына келді. Әтеш қатты дауыстап өлең айта бастады.

– Шөп шабамын, шөп шабамын! Тұлкіні іздеп табамын. Қоянның үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын!

Тұлкі қорқып кетіп: «Қазір шығамын. Киініп жатырмын», – дейді.

– Шөп шабамын, шабамын! Тұлкіні іздең табамын. Қоян үйінен шықпаса, оны да шалғынша шабамын! – деп Әтеш қайта әндете бастайды.

Тұлкі сасқалақтап: «Қазір-қазір, тонымды киіп жатырмын!» -дейді. Әтеш әнін үшінші рет қайталай бастайды. Тұлкінің зәресі ұшып кетеді. Аман-сауында зыта жөнеледі. Сөйтіп, қоян ержүрек әтештің көмегімен қайтадан өз үйінде тұра бастайды.

360 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

### 3.4-тапсырма

Не артық? Сызып шық.

1. Орындық, шкаф, төсек, сұлгі;
2. Түйе, сиыр, шортан, мысық;
3. Шырша, құлпынай, емен, қарағай;
4. Қызанак, қызылша, алма, қияр;
5. Дәптер, сызғыш, қалам, журнал
6. Телефон, қуыршақ, текше, шана;
7. Пойыз, велосипед, ұшық, кеме;
8. Тәрелке, шанышқы, ет, кесе;
9. Көз, құлақ, аяқ, шалбар;
10. Бес, жиырма, тау, тоқсан;

### 3.5-тапсырма

Б – П

Бала...ан, до..., көрі..., кіта..., тәрті..., тақыры..., қа..., клу..., ...өрік, жауа..., са..., ә...ер, мекте..., шта..., қолға..., жа...у, та...у, са...ақ, та...иғат, ғи...рат, қа...бығы, қақ...ан, тала..., ...ұлақ, ...арақ, күм...ез, кір...ік, ...алық, ...ерде, ...үйрық, сә...би, ...үршік, рес...у...лика, шө..., ле...із, ...іл, дом...ыра, есе..., жі..., ...иік, кө..., а...а, А...ай, а...ай, ...олды, ...ар, ...өлме, ...асқан, ...ұғы, ...арыс, ...өлек, әрі..., шар...ақ, ...естік, жа...ады, жа...ығу, ле...із, ...ішен, ...ілім, ...атыл.

Уақыты: \_\_\_\_\_

### 3.6-тапсырма







Тек қара әтіптерді оқы.

А К Ш Д О А Р Л О Н Л А  
О Т П И А М Р Е Т Д Л В А Қ  
Д Л О П Э Р Ж Д Ы Л Н Р Д А В П Ы Ж Д Қ  
Б А Ү Т И Л М С Ү Ч Б Ү Қ Т И  
Ю Т И М С А Ч Щ Қ И Ш Г Я Е  
Ж Д А Л О Р П А В Ы Б Т И М Р Ш Г Н А Қ

Уақыты: \_\_\_\_\_

### 3.7-тапсырма

Суреттерді сол жаққа көшіріп сал.



# 4 сабак

## 4.1-тапсырма

Шульте кестесі.

11	15	2	7
3	9	10	4
1	16	5	13
14	6	12	8

Уақыты: \_\_\_\_\_

10	16	3	8
4	6	12	1
2	11	9	15
13	5	14	7

Уақыты: \_\_\_\_\_

## **4.2-тапсырма**

Сөздерді ассоциация арқылы  
есте сақтау.

1. \_\_\_\_\_

8. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

9. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

10. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

11. \_\_\_\_\_

5. \_\_\_\_\_

12. \_\_\_\_\_

6. \_\_\_\_\_

13. \_\_\_\_\_

7. \_\_\_\_\_

14. \_\_\_\_\_

## **4.3-тапсырма**

Жылдам оқу.  
Бірнеше рет қайталап оқы.

### **ҚАСҚЫРЛАР ТУРАЛЫ**

Жігіттер қасқырлар туралы жазбаларды сүйіп оқитындығын білеміз. Қасқырдың өжеттігі мен батылдығы, әрине жігіттерді қызықтырады.. Осыны ескеріп, қасқырлар туралы қызықты деген ақпараттарды ұсынамыз.

Ая-райы жайлы болса, қасқырлар орман ішінде 9 км жердегі дыбысты ести алады. Ал ашық далада 16 км қашықтықтағы дыбысты құлағы сезеді.

Қасқырды үй күзетуге үйрету мүмкін емес. Себебі, олар таныс емес тіршілік иесінен қорқып, жасырынып жүретін болады.

Қасқыр 200 миллион иісті сезеді. Адам 5 млн-ге жуық иісті ажыратта алатындығын айта кетелік.

Қасқырлар тірі жануардың іісін 1,5 шақырымнан анық сезе алады.

Қасқырдың бөлтірігінің көздері жаңа туған кезде көк түсті болады. Тек 8 айдан соң ғана көздері сарғыш тартады.

Қасқыр күшіктерін 65 күнде туады. Бөлтіріктер соқыр, саңырау болып туылады. Ал салмағы жарты килограмм болады.

Ежелгі замандарда жер бетіндегі ең көп таралған жыртқыш осы қасқырлар болатын. Олар шөл далалар мен ормандарды мекен етті. 1600 жылдың солтүстік Америкада қасқырлардың саны 2 миллион болған еді. Қазіргі таңда олардың саны бар-жоғы 65 000.

Аш қасқыр бір жегенде 10 кг ет жей алады. Салыстыру үшін айтсақ, бұл 100 гамбургермен пара-пар.

Қасқырлар бір жүзгендегі, 13 километрге дейін шаршамай жүзе алады. Қасқырлар 2 минут бойы 32 км/сағ жылдамдықпен жүгіре алады. Ал қауіп сезінген жағдайда, 56 км/сағ жылдамдықты да бағындыра алады.

192 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

1. Қасқыр қандай жануар? \_\_\_\_\_

2. Мәтіндегі сандар нені білдіреді?

---

---

---

---

---

#### **4.4-тапсырма**

Берілген сөздерді алғашқы буындарына қарап оқып шық.

<b>Арна</b>	<b>айна</b>	<b>ойна</b>
<b>Арба</b>	<b>айдын</b>	<b>ойла</b>
<b>Арша</b>	<b>айқын</b>	<b>ойлан</b>
<b>Арқан</b>	<b>аймақ</b>	<b>оймақ</b>
<b>Арман</b>	<b>айтыс</b>	<b>ойпат</b>
<b>Ардақ</b>	<b>айнала</b>	<b>ойнады</b>
<b>Арқар</b>	<b>аймала</b>	<b>ойланды</b>
<b>Арлан</b>	<b>айтыскер</b>	<b>ойпырмай</b>

#### **4.5-тапсырма**

Әріптер арасынан о әрпін қорша, и әрпін астын сыз.

ззишгонекиуэждлорпаивыфобътимсчоицуконгши  
 щзховаваипролдижэочсмитьбоъхззишонекуифывап  
 иролджиэоиоьтимсchoхззишонеикуцожидлорипави  
 ыоьтиомисчоидлждибнрйцукокенгшикенгшщоэжд  
 лиячсмиюбъолориюбътимсчяофывапроэждлинекуц  
 охззшипавззшигнеоэждлорпавибътимсчождлпаво  
 некидщшойцукениывапрогнекдорпабътимошгбъс

*Уақыты:* \_\_\_\_\_

## **4.6-тапсырма**

Санамақты жаттап, өлеңде  
айтылған заттардың суретін сал.







### **«МЕНИҚ КИІМДЕРІМ» САНАМАҒЫ**

*Ө. Ақылбекұлы*

«1» дегенім – бәрік,  
Кисең бойға көрік.  
«2» дегенім – етік,  
Киер сәнді етіп.  
«3» дегенім – ішік,  
Теріден тігер пішіп.  
«4» дегенім – тымақ,  
Қыста кисең жылды-ақ.  
«5» дегенім – байпақ,  
Іші жылды тайпақ.  
«6» дегенім – алқа,  
Мойныңа тақ, ал да.  
«7» дегенім – жейде,  
Кір болмасын кейде.  
«8» дегенім – сенсең,  
Жылдысы тонның сенсең.  
«9» дегенім – телпек,  
Болма, бала, тентек.  
«10» дегенім – оймақ,  
Жүрме босқа ойнап.

## 4.7-тапсырма

Суреттерді оң жаққа көшіріп сал.



# 5 сабак

## 5.1-тапсырма.

Әр бағанды жылдам оқып шық.

Мейірім	тамаша	қарағай	сауысқан
Достық	көремет	қарағаш	қарлығаш
Әділет	қызықты	шырша	тырна
Шындық	көңілді	терек	дуадақ
Намыс	мақтаныш	үйеңкі	жапалақ
Білімді	қуаныш	сексеуіл	кептер
Алғыр	қамқорлық	шетен	бүркіт
Ғалым	қарапайым	емен	ләйлек

## 5.2-тапсырма

Жылдам оқу. Бірнеше рет қайталау.

### Ерекше жаңа жыл

2-сынып оқушысы Әкежан анасы мен әкесінің жалғыз баласы болғандықтан, өте ерке болып өсті. Ата-анасы да ерекше мәпелеп айтқанын екі етпейді. Міне, көптен күткен жаңа жыл да келді. Әкежан үшін басқа мерекелерден гөрі жаңа жыл сыйлығы мол, тәттіге тоятын ерекше күн. Ата-анасы былтырғы жылды бағасы қымбат тұратын ұялы телефон сыйлаған болатын. Аяз ата беріп жіберді деп ата-анасы алдаса да, Әкежан сыйлықтың қайдан келгенін жақсы біледі. Биыл да ата-анасына Аяз атадан қандай сыйлық күттегін алдын ала ескертіп қойған еді. Бірақ, жаңа жыл күні түнде ақ халатты дәрігерлер келіп, анасын алып

кетті. Аң-таң болған Әкежан әкесіне: «Әке, менің сыйлығым қайда? Аяз ата мені биыл ұмытып кетті ме? А нам қайда кетті? Қалай жаңа жылды қарсы аламыз?» – деді жыламсырап. Сәлден соң телефон шырылдады. Қуана жымиған әкесі: «Сен биыл ерекше сыйлыққа ие болдың, Аяз ата саған іні сыйлады» – деді. Бауырлары бар өзге балаларға ерекше қызғанышпен қарайтын, Әкежанның қуанышында шек жоқ. Қатты қуанғаны сондай, қолын шапалақтап секіріп жіберді. Әкежан үшін бұл жаңа жыл ерекше болды. Ол тіпті армандаған сыйлығын ала алмағанына да өкінген жоқ.

169 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

### 5.3-тапсырма

Жұлдызшаға қарап екі жақтағы сөздерді оқып шық.

#### ЖОЛ

тас	*	тос
қас	*	бас
шық	*	шың
дос	*	дөң
жаз	*	жас
мен	*	мен

#### ШОЛ

жақ	*	шақ
тар	*	қар
сан	*	жан
май	*	тай
мол	*	жол
тақ	*	там

## **5.4-тапсырма**

Мәтінді оқып, кілттік сөздерді тауып астын сыйз.

### **ПІЛ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Піл – жер бетіндегі ең үлкен жануар. Ол ежелден бері адамзатқа қызымет етіп келе жатыр. Денесінің ұзындығы 6-7 метр, ал орташа салмағы – 5 тоннаға дейін жетеді. Жаңа туылған пілдің салмағы – 120 кг. Әлемде 500 мың африкалық және 30 мың азиялық пілдер бар. Олар күніне 2-3 сағат ғана ұйықтайды. Қалған уақытын тамақ іздеумен өткізеді. Бір күнде 40-400 кг өсімдік жейді және 100-300 литр су ішеді.

Пілдер бір-бірімен, адамның құлағы естімейтін төмен жиіліктегі шулармен, 15 километр қашықтықта сөйлесе алады. Олар бұл шуларды аяқтарымен қабылдайды.

Ең үлкен піл 1956 жылы Африкада атып өлтірілді. Оның салмағы – 11 тонна болған.

Пілдің есте сақтау қабілеті өте дамыған. Өзін азаптаған адамға, 10 жылдан кейін кек қайтаруы мүмкін.

Пілдің ең жақын туысы – мамонт.

Пілдің үлкен құлақтары, денесін салқыннату (кондиционер) үшін қажет. Ауаның айналымын тездету үшін құлақтарын қозғалтады. Пілдер – өте жақсы жүзиді. 1906 жылы, Нью-Йорк қаласында орналасқан саябақтан қашу үшін, жергілікті піл 70 км қашықтықты жүзіп откен.

**147 сөз**

**Уақыты:** \_\_\_\_\_

## 5.5-тапсырма

Антиципация.

Қоңырау соғылып, қазақ ..... басталды.

Піл – жер бетіндегі ..... жануар.


Күз айлары – ....., ....., .....

Қыста балалар ....., ....., ..... тебеді.

Абай ....., Шоқан ....., ыбырай .....

## 5.6-тапсырма

Мысықтың оң жақ жартысын сал.



# 6 сабак

## 6.1-тапсырма.

Мақалдарды жалғызымен қосып шық.

Қына тасқа бітеді,.....	/Адамзатты сөз бұзар.
Білекті бірді жығар,...	/Шешеннің сөзі ортақ.
Бір тал кессен,...	/ сөнгөн көмір.
Тау мен тасты жел бұзар,...	/Ақыл жасқа бітеді.
Шебердің қолы ортақ,...	/Білімді мыңды жығар.
Еңбексіз өмір -....	/іс оңбас.
Отансыз адам -....	/он тал ек.
Ынтымақ болмай,....	/ормансыз бұлбұл.

## 6.2-тапсырма

Жылдам оқу. Бірнеше рет қайталу.  
Мазмұндау.

## КӨКТЕМ КӨРІНІСІ

Көктем – табиғаттың той-думаны. Көктемнің беташары – наурыз айы. Наурыз айында бүкіл Шығыс халықтарының мерекесі – Жаңа жыл тойланады. Бұл – күн мен түннің теңелетін, қардың еріп, көктемнің исі шыға бастайтын кез.

Ал сәуірде қар кетеді, ағыл-тегіл болып бұлақтар ағады. Жер беті жасыл көрпеге оранып, жауқазын гүлдерден алқа тағынады, теректер бүр жарып, құлпырады. Мамыр

айында айнала ақ ұлпа гүлге бөленеді. Тау бектеріндегі шие, алша, алмұрттың гүлдерінен төнірек ерекше түске боялады. Алманың ақшыл қызғылттың гүлдерінен көзің тұнады. Әсіресе, өрік ағашының жапырағы түгел гүл болып кеткен бе дерсің, қып-қызыл-ау, қып-қызыл!

Мамыр айы – табиғаттың, адамзаттың мерекесі. Кең даламыз, туған ауылымыз көктемде қызыл-жасыл түрге бөленеді. Неткен шебер бұл көктем!

106 сөз  
«Жыл он екі ай» кітабынан  
Уақыты: \_\_\_\_\_

### 6.3-тапсырма

Не артық?

1. Жолдас, туыс, бауыр, орман;
2. Шырын, сусын, қымыз, құрт;
3. Дәрігер, мұғалім, нағашы, жүргізуші;
4. Теледидар, компьютер, тоқазытқыш, машина;
5. Кітап, дәптер, сызғыш, мектеп;
6. Раушан, лала, қалампыр, қайың;
7. Даңда, орман, тау, саябақ;
8. Жастық, көрпе, көрпеше, көйлек;
9. Юпитер, марс, сатурн, күн;
10. Балық, жолбарыс, бүркіт, шырша;

## 6.4-тапсырма

Шульте кестесі.

10	15	3	7
16	6	14	4
9	1	8	11
13	5	12	2

13	12	2	8
1	7	16	6
2	14	9	11
10	3	15	4

Уақыты: \_\_\_\_\_

## **6.5-тапсырма**

Жылдам оқу. Мазмұндау.

### **СЫЙЛАСА БІЛСЕҢ – СЫЙЛЫ БОЛАСЫҢ**

Адам деген ардақты есімге ілесіп жүретін «адамгершілік» деген сөз бар. Адамның адамгершілігі өзінің жүріс-тұрысынан, үлкенді құрмет тұтып, кішіге көмектесу, басқаның мұддесін өз мұддесіндей көру, қоғам мұддесін өз мұддесінен жоғары ұстау сияқты іс-әрекетінен, мінез-құлқынан көрініп тұрады .

Сен біреуге көмектесуден бас тартсаң, саған бас- қалар да көмектеспеуі мүмкін. Егер сен үкен кісілер- дің алдында тұрпайы сөйлеп, дөрекі мінез көрсетсең, «көргенсіз екен» дейді, ал жолдастарыңың арасында «мен жақсы оқимын» деп, мәнменсіп, кеуденді қағып жүрсөң, олар сені жек көріп кетуі мүмкін. Өркөкі-рек болма, кішіпейіл бол, өзімшіл болма, көпшіл бол. «Жалғыз ағаш орман болмайды, жалғыз жігіт би болмайды» дейді халқымыз. Ұстаздарыңды, достарыңды сыйлай біл, сонда сенің өз басың да сыйлы болмақ. Туған ел, өскен жерінді қадірлелей білеуің керек, балам!

126 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

## **6.6-тапсырма**

Әріптер арасынан О-ны сыз, Д-ны қорша, Ү-ның үстіне нұкте қой.

Цукұеногшдщзохәжұлорпавұфюбт иомұдсчяфываұпролджәъхұзшшгднұе куоцыйчұсмоидтьбүюэождорұпавыф үйцукеднгошұщзххжодшгрұдпеокувы фұйояывәждлорфывадюбтимұрпаво йцукұхзщжодлюбытиокуцұтимсдюзщд ұшгнекудлорпаұвюбтимдьтимұсоосж

Уақыты: \_\_\_\_\_

## **6.7-тапсырма**

Жылдам оқу. Мазмұндау.

## **ІЗДЕНУ**

Ермек пен Әсия бір сыныпта оқиды. Екеуі де төртінші сынып оқушылары.

Пәндер бойынша үлгерімдері жақсы. Бүгін де ана тілінен тест тапсырған. Бұл тесттің ерекшелігі – іздену қажет. Оны апайы айтты.

– Тестегі сұрақтарға жауапты екінші, үшінші сыныптағы ана тілі оқулығынан табуға болады. Тек талмай іздену керек, – деді.

Ермек те, Әсия да тест сұрақтарына сай жауаптарды белгіледі. Өз ойларынша дұрыс. Әбден ойланған, толғанған.

Әсияның тестке қайтарған жауаптары түгелдей дұрыс болып шықты.

– Өте жақсы. Жауаптардың бәрін өзің белгіледің бе? Әлде атаанаң, аға-әпкелерің жәрдем берді ме?

– Жоқ апай. Өзім белгіледім. Мамам «Жұмысым көп. Мазалама.» деді. Сөйтіп, көрші қыздардың екінші, үшінші сыныптарға арналған ана тілі оқулығын уақытша алып, кей сұрақтардың жауабын таптым.

– Ұқыппен даярлағаның көрініп тұр. Өз бетіңше жауап іздегенің байқалады.

– Ал, Ермек сен ғұлама ғалым әл-Фарабидің туған жерін дұрыс белгілемепсің?

– Апай, ондай сұрақтың жауабын таба алмадым. Содан соң, күмәнданғаным рас.

– Бұл сұрақтың жауабы үшінші сыныптағы ана тілі оқулығында бар, – деді Әсия сөзге араласып.

– Ия, ия. Есіме тұсті, – деді Ермек. – Дұрыс айтасың. Үшінші сыныпта өткенбіз.

– Мен сендерге үнемі айтамын ғой. Іздену керек деп. Ізденіс қана өз жемісін береді, – деді апай сыныптағы оқушыларға өз сөзін нықтай түсіп.




Ермек пен Әсия апайдың сөзімен келіскендей, іштей мақұлдасты. Сөйтті де, сабак ретіне сай тест сұрақтарына берілген жауаптарды одан әрі пысықтай тұсті.

192 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 6.8-тапсырма

Суреттерді оң жаққа көшіріп сал.



# 7 сабак

## 7.1-тапсырма

Есту арқылы есте сақтап, сөздерді рет ретімен жазып шық

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_
7. \_\_\_\_\_

8. \_\_\_\_\_
9. \_\_\_\_\_
10. \_\_\_\_\_
11. \_\_\_\_\_
12. \_\_\_\_\_
13. \_\_\_\_\_
14. \_\_\_\_\_

## 7.2-тапсырма

Мақалдардың жалғасын тап.

Үрүс алды -....	/қызыл тіл/
Күш -.....	/тас жармаса, бас жарады./
Досы көпті жау алмайды,....	/ана біреу./
Өнер алды -...	/ынтымақ/
Тіл тас жарады,....	/Шешеге қарап қыз өсер/
Ағайын – алтау,...	/Ақылы көпті дау алмайды./
Әкеге қарап ұл өсер,...	/білімде./

## 7.3-тапсырма

Жылдам оқу. Мазмұндау.

### ҚҰСТАР ҚАЛАЙ ҚЫСТАЙДЫ? *ертеғі*

Суықторғай, қарға, торғай, тоқылдақ, құр, сауысқандар кездесіп әрқайсы өз жағдайларын айтады.

– Адам тұрағына жақын келіп қоныстанғанымыз жақсы болады. Бізге дастархан дайындал қойыпты. Тіпті жеміс те бар екен.

– Бірдеңе таптың ба?

Құр:

– Маралдар да келмеді ғой. Олардың ізіндегі қардан ашылған шөптің дәнін теріп жеп, бір тоятын едім!

– Мынандай қалың қарда дән қайдан табылсын. Ағаш бүршігімен күн көре тұрамыз да.

Сауысқан:

– Ей, қаздар, сендер жылы жаққа кетпеп пе едіңдер? Қыс түсkenде мұнда не ғып жүрсіңдер?

Қаздар:

– Эй, сауысқан-ай, танымадың ба? Біз қаздармыз ғой. Сен өзің неге жылы өлкеге кетпедің?

Сауысқан:

– Мен туған жерде қыстайтын отырықшы құспын ғой. Мен сияқты алақарға, шымшық, тоқылдақ, торғай, суықторғайлар да қыста өз туған жерлерінде қыстайды.

115 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

## 7.4-тапсырма

Әр бағанды сыйықтың бойымен жылдам оқып шығындар.

Арба	арқан	шарбақ	ануарлар
әнші	айран	жастық	балабақша
етік	ортак	қамқор	зымыран
аншы	сағат	салмақ	дөңгелек
ыдыс	зerde	бармақ	басбармақ
цирк	уақыт	жайлау	болашақ
дала	шанғы	раушан	жауқазын
серт	сабақ	тандыр	қыркүйек
ағаш	мақта	тармақ	бұлдірген
ойна	алтын	моншақ	желтоқсан

## 7.5-тапсырма

Мәтінді оқып, кілттік сөздерді тауып астын сыз.

## МАЙМЫЛ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

Маймылдардың өмірі – адамзат шеше алмай жатқан жұмбақтарға толы. Біз үшін үлкен қызығушылық тудырады. Өйткені, олар адамның ең жақын туысы болып саналады.

Табиғатта маймылдың 400 ден аса түрі бар екені белгелі. Ғалымдардың айтуынша, маймылдар туберкулез, герпес және гепатит ауруларына шалдығуы мүмкін. Ауыздарындағы тістерінің саны, біздікі сияқты – 32 тіс. Маймыл – айнаға қарап, өзін тани-

тын жануар. Маймылдар бір-бірімен сөйлесе алады. Шығарған дыбыстары белгілі бір затты білдіреді.

Стэнфорд университетінде Коко деп аталатын горилла өмір сүреді. Ол ағылшын тіліндегі 2000 сөзді түсінеді. Тіпті, адаммен қалжыңдаса алады. Егер ол есінесе, бұл үйқысы келгенінің белгісі емес. Керісінше, сізге шабуыл жасауға дайындалып жатыр.

Жануардың кейбір түрі еңбек құралдарын қолдана алады. Мысалы, жаңғақты жару үшін, оны тастың үстіне қойып, басқа таспен үстінен ұрады.

Маймылдың ең үлкен түрі – горилла. Олардың ұзындығы – 170 см дейін жетеді. Ал, ең кішкентай түрлерінің бойы – 12-15 см. Эволюция теориясына сәйкес, адам мен маймылдың ата-бабалары ортақ. Олардың өмір сүру ұзақтығы – 10-60 жыл.

Үндістанда 40 миллион маймыл өмір сүреді. Бұл мемлекетте олар қасиетті жануар болып саналады. Маймылдар тек қана баннымен қоректенбейді. Шын мәнінде, олар бананды өте сирек жейді. Олар ауа-райы ыстық жерлерді ұнатады (Африка, Оңтүстік Америка, Азия).

Орангутанг – малай тілінен аударғанда, «орман адамы» дегенді білдіреді.

188 сөз

Уақыты: \_\_\_\_\_

- *Мәтіндегі сандар нені білдіреді, жазып шығамыз.*
- 
- 
- 
-

## **7.6-тапсырма**

Өлеңнің әр жолын суреттеп  
жаттап ал

### **АСПАНДА**

Аспан бұлтқа толып кетті –  
Бұлтар түлік болып кетті:  
Бір бұлт шықты ешкі болып,  
Бір бұлт шықты бөшке болып.  
Бір бұлт шықты бие болып,  
Бір бұлт шықты түйе болып.  
Бір бұлт шықты шошқа болып,  
Бір бұлт шықты қошқар болып.  
Күннің өзі малши болып,  
Найзағайы қамшы болып,  
Шартылдады, күркіреді,  
Бес түлік мал дүркіреді.  
Жаңбыр көкті жуып өтті,  
Түк қалдырмай қуып өтті.  
Ағыттылған көгенге ұқсап,  
Жатты жалғыз кемпірқосақ.

*Қ. Мырзалиев*

# 8 сабак

## 8.1-тапсырма.

Әр пирамиданы қызыл әріптерге қарап тұрып оқып шық.

Алма

Қызыл алма;

Тәтті қызыл алма;

Үлкен қызыл тәтті алма;

Бақта қызыл алма пісіп тұр.

Алма бағында қызыл алма пісіп тұр.

Қар

Аппақ қар;

Аппақ ұлпа қар;




Аппақ ұлпа қар жауды.

Жерді аппақ ұлпа қар жапты.

Далада жапалақтап қар жауып тұр.

## 8.2-тапсырма

Креатив дамуы, сызбаға түрлі суреттер сал.



### **8.3-тапсырма**

Сандарды рет-ретімен 30 ға дейін көзбен тауып шық.

3	27	9	20	4	14
10	29	17	13	25	6
19	24	1	21	11	18
12	5	30	26	2	22
16	23	7	15	28	8

Уақыты: \_\_\_\_\_

### **8.4-тапсырма**

Жылдам оқу. Бірнеше рет қайталау.

## **БІЗДІҢ КӨШЕДЕГІ МАШИНАЛАР**

Біз қолданатын көліктердің түрлері өте көп. Олардың кейбірі – шұғыл оқиғаларға байланысты асығып жүретіндігімен ерекшелене-ді. Басқа көліктер оларды кезек күттірмей өткізіп жіберуі тиіс. Солардың бірі – «**Жедел жәрдем**». Оның терезесінен ауру адамды таситын зембілді көруге болады. Жүргізушінің жанында

ақ халат киген адам – дәрігер немесе медбике отырады.

Неге бұл машинаны бәрі өткізеді?

– Себебі жаны қиналған науқас адамды ауруханаға жедел жеткізу керек.

Міне, тағы бір машина бәрін басып озып бара жатыр, бірақ оны ешкім тоқтатпайды. Сыртында ештеңе жазылмаған. Бірақ бұл көлікті бірден тануға болады. **Өрт сөндіретін машиналар** от сияқты қызыл болады. Бұл көлікте бастарына жалтыраған каска киген өрт сөндірушілер отырады, олардың ұзын басқыштары мен үлкен шарғыға (катушкаға) оралған өрт сөндіретін шлангалары бар.

Неге бұл маниналар кезексіз және тез жүреді?

– Себебі, үй жанып кетпес үшін, өртті тездетіп сөндіру керек. Біздің көшелерде машиналар өте көп әрі әрқайсысының өз ісі бар!

Міне, «**Нан**» деп жазылған машина келе жатыр. Бұл көлікте шкаф сияқты сөрелер бар, ал сөрелерінде – жаңа піскен нандар толып тұр.

Енді бір машинада «**Балық**» деп жазылған. Ол балық тасиды.

Ал мынау **қоқысты тасуға арналған** машина. Ол есік алдын және даланы ретке келтіреді. Адамдар қоқыстарды арнайы жәшіктерге салу керек. Машинада қоқыс салатын жәшікті көтеретін арнайы ожау бар.

«**Жедел жәрдем**» көлігінің «техникалық көмек» деген тағы бір түрі бар. Ол бұзылып тұрған машиналарға арнайы көмек

көрсетеді. Тағы да **жолдың қарын күрейтін машиналар** да болады. Қыста қар көп жауады, көшелерді тазалап отыру керек. Қар жиналып қалса, адамдардың да көліктердің де қозғалысына кедергі келтіреді.

Жазда қар тазалайтын машиналар демалады. Оның орнына **су сепкіш машина** жұмыс жасайды. Ол көше бойындағы ағаштарды, гүлдерді суарады, көшені жуады. Су сепкіш машинаның екі жағынан да фонтан секілді болып, су шашырайды. Шашыраған су күн сәулесімен шағылышып, түрлі- түсті болып көрінеді.

278 сөз  
Е.Сегал. М.Ильин

Мәтіндегі көліктерді жазып шық \_\_\_\_\_

---

---

Тағы да қандай көліктерді білесіңдер? \_\_\_\_\_

---

---

## 8.5-тапсырма

Антиципация.

### НАН ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ? *ертегі*

Бір күні тышқан \_\_\_\_\_ дүкеніне кірді. Сөреде жаңа піскен сап-сары бөлкелер үйіліп тұр екен. Піскен нан иісіне қызыққан \_\_\_\_\_ тұмсығын жыбыр-жыбыр тартты. Төмендегі бір бөлкені кеміре бастады. Осы кезде \_\_\_\_\_ келіп қалды.

Тышқан зып беріп, сыртқа атып шықты. Бірақ алғысқа ұзамады. «Апырай, қайдан шықты екен осыншама \_\_\_\_\_. Біліп алғып шыққан жеріне, кірсем, ә!» – деп қызығып кетті. Тесіктен сақтана сығалады.

- Нан, нан, сен қайдан \_\_\_\_\_? – деді сыйырлап.
- Сатушыдан сұра, – деді нан. Тышқан \_\_\_\_\_ келді.
- Сатушы, сатушы, нан \_\_\_\_\_ шығады?
- Наубайшыдан сұра, – деді сатушы.

Тышқан тымпыңдап \_\_\_\_\_ келді. Мұнда көп адам нан пісіріп жатыр екен.

- Нан қайдан шығады? – деді бір наубайшыға келіп.
- Диірменшіден сұра, – деді \_\_\_\_\_.

Тышқан \_\_\_\_\_ келді. Диірмен тасы тынымсыз шыркөбелек айналады. Екі адам үн тартып тұр. Үн төгіліп аққан бұлақша құйылып жатыр. Көзді ашып-жұмғанша қап-қап үн дайын болды.

Тышқан иненің көзіндегі танауын тыржитып, таңдана, қарап тұрды да:

- Диірменші, диірменші, \_\_\_\_\_ қайдан шығады? – деп сұрады.
- Комбайншыдан сұра, – деді \_\_\_\_\_ қарт.

Тышқан далада егін орып жүрген \_\_\_\_\_ келді. Қалың егін теңіздей толқиды. Комбайн тоқтар емес, ілгерілеп барады. Сабаны бір бөлек, топанын бір бөлек шығарып тастайды. Торсықтай ақ бидайды астаяуна құйып алғып барады. Тышқан шіңкілдеп: \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ нан қайдан шығады? – деп сұрады.

Көктемде, тракторшы жер жыртып, сеялкашы тұқым себеді. Егіншілер оны күтіп баптайды. Көп еңбек сініреді. Міне, мынау

қалың астық – сол көп еңбектің жемісі. Нан еңбек арқылы табылады, – деді \_\_\_\_\_.

– Ой, мұның – азап қой. Мен шалқайып жатып-ақ нан таба беремін, – деп құтың-құтың етті тышқан.

– Эне, \_\_\_\_\_ келе жатыр! – деді комбайншы.

Сол-ақ екен, тышқан бір ескі інге зып берді.

*M.Етекбаев*

## 8.6-тапсырма

Мақалдың жалғасын тауып  
сызықпен қосып шық.

Жігіт көркі - ...	/ер білер,
Жігіт адамға ...	/сөнген көмір.
Ер қадірін ...	/өнер.
Зер қадірін ...	/зергер білер.
Еңбексіз өмір – ...	/жетпіс өнер де аз.
Еңбексіз ...	/ертеңі бітпес.
Ауырсыз ...	/сөнген көмір.
Еріншектің ...	/өмір жоқ.
Еңбексіз өмір – ...	/жеңіл жоқ.

## 8.7-тапсырма

Өлеңді бірнеше рет жылдам оқып,  
жаттап ал.

## ҚАЙДАН КЕЛДІҢ, БАУЫРСАҚ

*Ә. Тұрманжанов*

Дастарқанда шашылып,

Жатты аппақ бауырсақ.

Бауырсаққа қызығып,

Қарап тұрып көзін сап:  
Қайдан келдің, бауырсақ? –  
деп сұрады қуыршақ.  
Дүкеннен келдім  
нан сатқан, –  
деді оған бауырсақ.  
Дүкенге келдің  
қай жақтан?  
Наубайдан келдім  
нан жапқан.

Наубайға келдің  
қай жақтан?  
Диірменнен келдім  
ұн тартқан.  
Диірменге келдің  
қай жақтан?  
Даладан келдім  
кең жатқан.  
Жер-анам менің көсілген,  
Диқандар мені өсірген.

55 сөз

### 8.8-тапсырма

Өз көніл қүйінді сал



# МАЗМҰНЫ

## 1 САБАҚ

1.1-тапсырма .....	4
1.2-тапсырма .....	5
1.3-тапсырма .....	5
1.4-тапсырма .....	7
1.5-тапсырма .....	8
1.6-тапсырма .....	9
1.7-тапсырма .....	9
1.8-тапсырма .....	10

## 2 САБАҚ

2.1-тапсырма .....	11
2.2-тапсырма .....	11
2.3-тапсырма .....	12
2.4-тапсырма .....	12
2.5-тапсырма .....	13
2.6-тапсырма .....	14
2.7-тапсырма .....	15

## 3 САБАҚ

3.1-тапсырма .....	16
3.2-тапсырма .....	16
3.3-тапсырма .....	17
3.4-тапсырма .....	19
3.5-тапсырма .....	20
3.6-тапсырма .....	20
3.7-тапсырма .....	21

## 4 САБАҚ

4.1-тапсырма .....	22
--------------------	----

4.2-тапсырма .....	23
4.3-тапсырма .....	23
4.4-тапсырма .....	25
4.5-тапсырма .....	25
4.6-тапсырма .....	26
4.7-тапсырма .....	27

## **5 САБАҚ**

5.1-тапсырма. ....	28
5.2-тапсырма .....	28
5.3-тапсырма .....	29
5.4-тапсырма .....	30
5.5-тапсырма .....	31
5.6-тапсырма .....	31

## **6 САБАҚ**

6.1-тапсырма. ....	32
6.2-тапсырма .....	32
6.3-тапсырма .....	33
6.4-тапсырма .....	34
6.5-тапсырма .....	35
6.6-тапсырма .....	36
6.7-тапсырма .....	36
6.8-тапсырма .....	38

## **7 САБАҚ**

7.1-тапсырма .....	39
7.2-тапсырма .....	39
7.3-тапсырма .....	40
7.4-тапсырма .....	41
7.5-тапсырма .....	41
7.6-тапсырма .....	43

## **7 САБАҚ**

8.1-тапсырма.	44
8.2-тапсырма.	44
8.3-тапсырма	45
8.4-тапсырма	45
8.5-тапсырма	47
8.6-тапсырма	49
8.7-тапсырма	49
8.8-тапсырма	50

Айнур Жүсіп – жылдам оқыту, жадыны дамыту маманы. Махамбеттің 118 өлеңін жатқа біледі. 10 минутта өлең жаттау әдісін үйретеді. Оқушылар мен мұғалімдерге курс жүргізетін ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГ.

@aynur\_zhusip




1 - кітап



2 - кітап



3 - кітап



Еуропалық, Ресейлік авторлардың методикалары бойынша Қазақстанда 25 педагогтің еңбегімен құрастырылған кітап



Ютуб канал: «Galamat» online school  
Заманауи педагог



Инстаграм: galamat\_school